

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ: КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІНДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯ

Әділет Омаров¹

¹Құләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті
(Астана, Қазақстан)

Нәзира Мұқышева²

²Құләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті
(Астана, Қазақстан)

Аңдатпа. Қазақ кино өнері соңғы жылдары көптеген өзгерістерге ұшырап, ұлттық мәдениетті және әлеуметтік мәселелерді шынайы әрі әсерлі түрде көрсетуге бағытталған фильмдермен байып келеді. Әрбір жаңа фильм қоғамдағы өзгерістерді, мәдени құндылықтар мен тың тақырыптарды көрерменге жеткізудің бірегей құралына айналуда. Бұл өз кезегінде кейіпкерлер бейнесіндегі өзгерістердің пайда болуына ықпал етті. Мақалада соңғы бес жылдағы қазақ киносындағы жаңашылдық, соның ішінде кейіпкерлер бейнесіндегі трансформация мәселесі зерттеледі. Осыған орай, зерттеудің мақсаты – заманауи қазақ киносындағы кейіпкер бейнесінің трансформациясын анықтап, оның әлеуметтік және мәдени аспектілерін талдау болмақ. Заманауи қазақ киносының кейіпкер бейнесіндегі трансформация мәселесін қарастыруда контент-талдау, салыстырмалы талдау, символикалық интерпретация, мәтіндік талдау секілді әдіс-тәсілдер қолданылды. Бұл аталған тәсілдер зерттеу тақырыбын жан-жақты талдауға мүмкіндік берді. Мысалы, мәтіндік талдау әдісі арқылы кейіпкердің тұлғалық және әлеуметтік маңызының ерекшеліктері, ондағы өзгерістер қарастырылды. Сонымен қатар, визуалды семиотика әдісі арқылы фильмдердегі символика мен мазмұндық негіздің өзара байланысы сарапталды. Бұл әдістер кейіпкер бейнесінің өзгеру динамикасын түсінуге мүмкіндік беріп, сол арқылы қазіргі қазақ киносындағы жаңашылдықты анықтауға ықпал етті. Қазақ киносының ұлттық ерекшеліктерін және жаһандық кино үрдістерімен үйлесімділігін анықтауда тарихи-мәдени зерттеу әдісі қолданылды. Осы ретте әртүрлі жанрда түсірілген «Жамбыл. Жаңа дәуір», «Набат операциясы», «Бауырына салу», «Братья», «От» және «Үміт сәулесі» фильмдері зерттеу нысаны ретінде таңдалып, кейіпкерлер бейнесіндегі

трансформация қарастырылды. Зерттеу барысында кейіпкерлердің тұлғалық болмысы, мінез-құлқы мен психологиялық жай-күйі әлеуметтік және мәдени өзгерістермен тығыз байланысты екені анықталды. Қазіргі қазақ киносының кейіпкерлері әлеуметтік жағдайды, жеке тұлға мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың деңгейін, ұлттық дәстүрлер мен заманауи құндылықтар арасындағы қарама-қайшылықтарды көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері бүгінгі қазақ киносы контекстінде кейіпкер бейнесі трансформациясының маңызды тұстарын анықтайды. Ал практикалық маңызы, әсіресе, кино өндірушілер үшін жаңа шығармашылық тәсілдер мен кейіпкерлер бейнесін ұсынуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: қазақ киносы, кейіпкер трансформациясы, отбасы құндылықтары, әлеуметтік мәселелер, жеке тұлғаның дамуы, ұлттық дәстүр, мәдени жаңашылдық.

Дәйексөз үшін: Омаров, Әділет және Нәзира Мұқышева. «Қазіргі қазақ киносындағы жаңашылдық: кейіпкер бейнесіндегі трансформация». *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 1, 2025, 35–53 б. DOI: 10.47940/cajas.v10i1.965

Алғыс: Авторлар «Central Asian Journal of Art Studies» журналының редакторларына мақаланы баспаға дайындауға көмектескені үшін және анонимді рецензенттерге зерттеуге назар аударып, қызығушылық танытқаны үшін алғысын білдіреді.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді

Kіріспе

Кинематографтың кез келген шығармасындағы кейіпкерлердің эмоциялық және психологиялық жағдайы өте маңызды рөл атқарады. Осы арқылы көрсетілетін ішкі және сыртқы күрестер қоғамдағы өзекті мәселелер жайлы ойлануға жетелеп, өз-өзімізді танып-білу жолында жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл «Жамбыл. Жаңа дәуір», «Набат операциясы», «Бауырына салу», «Братья», «От» және «Үміт сәулесі» секілді соңғы жылдары түсірілген фильмдерге де қатысты. Бұған қоса ол шығармаларда мәдени дәстүрлер, отбасы қатынастары, жеке тұлғаның тағдыры мен әлеуметтік құбылыстар сияқты тақырыптар кеңінен қарастырылады.

Әр түрлі әдеби шығармаларда, соның ішінде қысқа әңгімелерде, романдарда, драмалар мен фильмдерде кейіпкер бейнесінің маңызы зор. Әдетте, шығарманың басты кейіпкері негізгі рөл атқаратыны белгілі, ал басқа кейіпкерлер оның айналасындағы

оқиғаларға қатысады. Бұл тұрғыда, кейіпкерлер сюжетті жеткізуде маңызды рөл атқарады, себебі олардың эмоциялық және психологиялық тұрғыдан дамуы оқырман мен көрерменнің назарын өзіне аудартады әрі шығарманың мағынасы мен тақырыбын терең ашуға көмектеседі (Hardiyanti 111).

Қазақстан киносы тәуелсіздік алған сәттен бастап өзгеріп, дамыды. Цензура біртіндеп төмендеді, бейнелік қатары мен берілетін мән-мағына да өзгерді. Дегенмен, мемлекеттік идеология әлі де кинода көрініс табуда (Manakbayeva 734). Алайда қазақ экранындағы кейіпкерлер дәстүрлі таптаурыннан біртіндеп алшақтады. Керісінше, оның орнына әрқайсысының өзіндік тарихы, мақсаты, ішкі қақтығыстары мен қайшылықтары бар жаңа тұлғалар бейнесімен толығуда. Бұл кейіпкерлер жеке басының дағдарысынан бастап, әлеуметтік теңсіздік және заманауи қиындықтармен жиі бетпе-бет кездеседі. Атап айтқанда, мақалада қарастырылатын «Жамбыл. Жаңа дәуір», «Набат операциясы»,

«Бауырына салу», «Братья», «От» және «Үміт сәулесі» фильмдерінің әрқайсысы бүгінгі таңда өзіндік ерекшеліктерімен және тың оқиғаларымен әлеуметтік маңызға ие болып отыр. Олар заманауи қазақ киносының жаңа бағыттарын көрсетіп, қоғамның әртүрлі аспектілерін зерттеуге мүмкіндік берері сөзсіз. Сонымен қатар, талантты әрі тәжірибелі актерлер кейіпкерлерге жан бітіріп, фильмге деген сенімді күшейтеді және есте қаларлық айтулы ерекшеліктеріне назар аудартады әрі эмоция мен атмосфераны жеткізуде маңызды рөл атқарады (Найзабеков және Уразбаева 293).

Жоғарыда аталған шығармалардың әрқайсысы кейіпкерлердің ішкі әлемін аша отырып, олардың қиындықтарды жеңіп шығуға қалай талпынатынын көрсетеді. Қазақ киносындағы бұл жаңашылдық барлық буын өкілдеріне жақын әрі түсінікті, сондықтан ол фильмдер көрерменге әсер етіп, жаңа идеяларға шабыттандырады. Осы ретте бүгінгі отандық фильмдердегі кейіпкер бейнесінің трансформациясын анықтап, оның әлеуметтік және мәдени аспектілерін қарастыру өте маңызды екені белгілі.

Зерттеу әдістері

Бұл мақалада заманауи қазақ киносындағы кейіпкерлер бейнесінің трансформациясын тереңінен талдап, алға қойылған мақсатты орындауда бірнеше зерттеу әдістері қолданылды.

Контент-талдау әдісі фильмдердің сценарийі, диалогтары мен визуалды элементтерін талдауға негізделген. Контент-талдау арқылы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен әрекетіндегі өзгерістерді, ішкі қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Әрбір фильмде кейіпкер тұлғасының түрленуі және оның әлеуметтік-мәдени аспектілермен байланысы назарға алынады.

Мәліметтерді салыстырмалы талдау әдісі фильмдер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстыру үшін қолданылды. Бұл әдіс кейіпкерлер бейнесіндегі өзгерістер, олардың әртүрлі әлеуметтік және мәдени контексттегі рөлін қарастыруға мүмкіндік береді.

Символикалық интерпретация әдісі — фильмдердегі символикалық элементтер мен метафораларды талдау кейіпкерлердің ішкі және сыртқы өзгерістерін тереңінен түсінуге көмектеседі. Мысалы, «бауырына салу» дәстүрі немесе ішкі күрестің бейнеленуі сияқты элементтер тұлғаның бейнесін жан-жақты қарастыруға ықпал етеді.

Көркемдік талдау режиссерлік және операторлық жұмыстың ерекшеліктерін талдау арқылы фильмнің көркемдік шешімін қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл фильмдердің көркемдік құндылықтарын ашуға және кейіпкерлер бейнесіндегі ерекшеліктерді талдауға көмектесті.

Жоғарыда аталған зерттеу әдістері бүгінгі қазақ киносындағы жаңашылдықты, соның ішінде мақалада қарастырылатын фильмдердегі кейіпкерлер бейнесінің трансформациясын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Пікірталас

Заманауи отандық кино өнері елеулі өзгерістер мен жаңалықтарға толы. Бұл фильмдердің жанры және тақырыптық ерекшеліктеріне, әсіресе кейіпкерлер бейнесіндегі трансформацияға қатысты. Ең бастысы ол шығармаларда бүгінгі таңдағы әрбір адамға, қоғамға тән ортақ мәселелер қарастырылады, әрі психологиялық және әлеуметтік сұрақтарға жан-жақты назар аударады.

Қазақ киносындағы бүгінгі тенденциялар қоғамда болып жатқан өзгерістерді бейнелеумен тығыз байланысты. Сондай-ақ халық жақсы білетін тарихи тұлғалардың өмірі мен

шығармашылығына да назар аударылуда. Жалпы биографиялық фильмдер түсірудің маңызы өте зор екені белгілі. Бұл мәселеге кинотанушы Назира Рахманқызы да өзінің «Қазақ киносы: кеше және бүгін» еңбегінде назар аударады (Рахманқызы, 213). Яғни заманауи қазақ киносындағы тақырыптар мен кейіпкерлер тек бүгінгі күнмен ғана емес, өткен тарихымызбен де тығыз байланысты болып отыр. Мысалы, «Жамбыл. Жаңа дәуір» фильмінде ұлт тарихы мен тұлғаның еркіндікке ұмтылуы секілді тақырыптар қарастырылса, «Набат операциясы» мен «Братья» фильмдері қазіргі қоғамдағы қауіп-қатер мен адамның моральдық таңдауы сияқты мәселелерге назар аударады. Осылайша фильмдер қазіргі әлеуметтік және мәдени өзгерістерді пайымдауға, күнделікті өмірде кездесетін өзгерістерге жаңа қырынан қарауға итермелуде.

Мақалада талдау нысанына алынып отырған әрбір фильмдегі кейіпкер бейнесінің трансформациясы — олардың тұлғалық өсуі мен дамуы жолындағы маңызды элемент ретінде қызмет атқарады. Бұл кейіпкердің ішкі әлемінде болып жатқан өзгерістер мен одан туындайтын іс-әрекеттерін талдауға мүмкіндік береді. Мысалы, «Бауырына салудағы» кейіпкердің ішкі күрделі психологиялық дағдарыстан өтіп барып, өз отбасына қайта оралуын, «От» фильміндегі қаржылық қиындыққа тап болған отбасы мәселелерін шешу жолындағы кейіпкердің әрекеттері мен оның ішкі жан-дүниесіндегі өзгерістерді айтуға болады.

Жаңа көркемдік тәсілдердің, әсіресе кейіпкер бейнесінің ашылуында жиі қолданылуы заманауи қазақ киносының негізгі ерекшеліктерінің бірі екенін айтуымыз керек. Сәтті қолданылған режиссерлік, операторлық, т.б. әдістер фильмдердің көркемдік сапасының деңгейінің жоғары болуына ықпал етті. Тартымды сюжет пен кейіпкерлердің ішкі әлемін тереңірек ашуға мүмкіндік беретін

көркемдік тәсілдер кино тілін жаңаша пайдалану үлгісін көрсетеді. Бұл қазақ кинематографиясында жаңа жанрлық және стильдік ерекшеліктердің пайда болғанын дәлелдейді.

Фильмдегі көркемдік детальдер, жарық пен көлеңке, кейіпкерлердің мінез-құлқына сай таңдалған түстер гаммасы, т.б. олардың ішкі күйін көрсетуде үлкен рөл атқарады. Әрбір деталь, кейіпкердің әрекеттері мен сөздері арқылы олардың жан дүниесінің тереңдігі мен тұлғалық ерекшеліктері ашылады, оқиғаның эмоциялық әсерін күшейтеді. Көркемдік деталь сценарий мен фильм оқиғасының өрбуіне, кейіпкерлер бейнесінің тереңірек ашылуына, олардың ішкі психологиялық күйін сезінуге тигізетін ықпалы зор (Мұқышева, 291).

Бұған қоса заманауи қазақ киносы кейіпкерлердің психологиялық және әлеуметтік жағдайын зерттеп қана қоймай, мәдени және көркемдік тұрғыдан да маңызды рөл атқарып отыр. Бұл қазақ киносын жаңа деңгейге шығарып, оны әлемдік кинематографияның ажырамас бөлшегіне айналдырады. Мысалы, «Жамбыл. Жаңа дәуір» толықметражды көркем фильмінде қазақтың белгілі ақыны Жамбыл Жабаевтың өмірі, оның кеңес дәуіріндегі мәдени және әлеуметтік ортамен өзара байланысы көрсетілген. Фильмде Жамбылдың шығармашылығы мен қоғамдық өмірінің маңызды аспектілері туралы жаңа көзқарас ұсынылады. Жалпы бұл қазақ киносының тарихында ақын Жамбыл Жабаев туралы түсірілген алғашқы фильм емес. Бұған дейін 1952 жылы Алматы көркемсуретті және хроникалық фильмдер студиясында «Жамбыл» (реж. Ефим Дзиган) және 1996 жылы «Қазақфильм» киностудиясында «Жамбылдың жастық шағы» (реж. Қанымбек Қасымбеков) атты фильмдер түсірілді. Алғашқы фильмде Жамбылдың кеңестік идеологиямен қарым-қатынасы, оның шығармашылығының

сол замандағы рөлі және ақындар слеті, газет-журналдардағы жарияланымдар сияқты оқиғалар ерекше екпінмен баяндалады (Ногербек және Ногербек, 323). Ал екінші фильмде, аты айтып тұрғандай, ақынның жастық шағы суреттеледі. Аталған фильмдерде Жамбылдың бейнесі әртүрлі режиссерлік интерпретацияда көрсетілгенімен, олардың барлығы ақынның рухани әлемі мен шығармашылық жолын бейнелеуге бағытталған.

Мысалы, режиссер Жандос Құсайынов қазіргі заманның талаптарына сай жаңашыл көзқараспен түсірілген «Жамбыл. Жаңа дәуір» фильмінде Жамбыл бейнесін өзгеше қырынан көрсетеді. Кейіпкерлер бейнесіне терең психологиялық талдау жасалған және әрбір деталь олардың ішкі дүниесін ашуға бағытталған. Сонымен қатар, ақынның Иосиф Гильман сияқты елеулі тұлғалармен кездесуі және Ораз Жандосов, Бауыржан Момышұлы секілді қайраткерлермен қарым-қатынасы фильмнің негізгі арқауына айналады.

Кез келген, әсіресе тарихи тұлғаларға арналған фильмде кейіпкер бейнесінің ашылуында актердің тұлғалық болмысы өте маңызды екені белгілі. Осы ретте Жамбыл және оның замандастарының бейнесін сомдаған Досжан Жанботаев, Нұрболат Өтеғұлов, Ержан Нұрымбетов сынды дарынды актерлердің шеберлігі де фильмде айтулы рөл атқарғаны аңғарылады. Бастысы, фильмде ақынның поэтикалық қуаты мен қоғамдық-саяси өзгерістерге деген көзқарасы нақты көрсетілген. Лирикалық шегіністер кезінде ақынның шығармашылық процесі мен сол ғасырдағы ақын-жазушыларға тән ортақ әлеуметтік мәселелерді аша білген. Сондай-ақ кеңестік жүйенің қысымы шығармашылық адамдарының тақырып аясын тарылтқанын, әрі соның салдарынан, әсіресе ақындардың поэтикалық қуатының мейілінше шарықтау шегіне жете алмағанын көрсетеді.

Осылайша, «Жамбыл. Жаңа дәуір» фильмі, әсіресе тарихи-биографиялық жанрдағы тың бетбұрысты айқындап, тарихи және мәдени мұраны бүгінгі жаңа көзқараспен зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл фильмді тек тарихи тұлғалар мен оқиғалар туралы түсірілген шығарма ғана емес, сондай-ақ кейіпкерлер бейнесінің трансформациясы айқын байқалатын көркем туынды ретінде де қарастыруға болады.

«Жамбыл. Жаңа дәуір» фильміндегі кейіпкерлер бейнесіндегі трансформация негізінен олардың ішкі жан дүниесінің өзгеруі мен дамуы арқылы көрінеді. Бұл бірнеше аспектіден байқалады. Мысалы, идеологиялық қарсыластық пен шығармашылық еркіндікті айтуға болады. Жамбыл кеңестік идеологияның қысымына қарамастан, өзінің шығармашылық еркіндігін сақтауға тырысатын тұлға ретінде суреттеледі. Ақын бейнесіндегі трансформацияның негізгі белгілері ретінде шығармалары арқылы өзінің шынайы көзқарасын ашық білдіруі және осы жолда кездескен түрлі қиындықтармен күресін айтуға болады. Қоғам өміріне белсенді қатысу, кеңестік дәуірдегі көрнекті қайраткерлермен қарым-қатынасы оның тұлғалық дамуына ықпал етеді. Ораз Жандосов пен Бауыржан Момышұлы сияқты тұлғалармен байланысы Жамбылдың көзқарасы мен әлеуметтік мәселелерге деген қатынасының өзгеруіне себепші болады.

Кеңестік дәуірдегі идеология Жамбылдың шығармашылығына және оның мәдениетке деген қатынасына әсер етеді. Бұл трансформация мен өзгеріп жатқан құндылықтар оның өлеңдерінде, таңдаған тақырыптарында және шығарма стилінде көрінеді. Жамбылдың бейнесі жай ғана ақын емес, сонымен бірге адами құндылықтарды сақтаушы тұлға ретінде беріледі. Елдің саяси, мәдени өмірінде болып жатқан оқиғаларға қатысты көзқарасы, өз заманының қиындықтарына қарамастан

адамгершілігі мен ар-намысын сақтау әрекеттері оның адами әрі тұлғалық болмысының ерекшеліктерін көрсетеді. Тек Жамбылдың ғана емес, өзге де кейіпкерлердің күрделі психологиялық бейнесіне, олардың ішкі қайшылықтары мен тұлғалық өсу жолына назар аударылады. Осылайша фильм тарихи тұлғаның ішкі жан дүниесі мен ол өмір сүрген кезеңдегі қоғамның психологиялық портретіне үңілуге мүмкінді береді.

Соңғы жылдары түсірілген көркемсуретті фильмдердің бірі — «Набат операциясы» 1992 жылы Оңтүстік Қазақстанда орын алған нақты оқиғаға негізделген. Сол кезеңде Ресейге бара жатқан жолда қашып кеткен тұтқындардың жолаушылар автобусын кепілге алған әрекеттері елді дүрліктірген еді. Фильмде мемлекеттік қауіпсіздік және құқықтық тәртіп органдары мамандарының тұтқындарды залалсыздандыру және кепілге алынған адамдарды құтқару әрекеттері бейнеленген. Бұл қазіргі қазақ киносы үшін маңызды тақырыптардың бірі әрі елдің құқық қорғау жүйесінің күрделі мәселелері мен қауіпті жағдайлардағы кәсіби шеберлігі баяндалады. Сондай-ақ, фильм төтенше жағдайда адамдардың батылдығы мен ержүректілігін көрсетеді (Машрапова).

Басты кейіпкерлердің бейнесін сомдаған Алексей Шемес пен Бақыт Қажыбаев секілді актерлер оқиғаның шиеленісті тұстарын сәтті жеткізуге тырысады. Режиссер Рашид Сүлейменов пен продюсер Ильхам Джалиловтың жетекшілігімен түсірілген бұл фильм шиеленіске толы оқиғаларды барынша шынайы әрі әсерлі бейнелейді. Фильм тек экшн жанрындағы шым-шытырыққа толы оқиғаларды көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар ел тарихындағы маңызды кезеңді де еске түсіреді.

«Набат операциясындағы» кейіпкерлер бейнесіндегі трансформация

бірнеше қырынан байқалады, бұл олардың оқиға барысындағы іс-әрекеттері мен ішкі әлемінің өзгеруі арқылы көрініс табады. Мысалы, қауіпсіздік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері бастапқыда тек өз міндеттерін орындаушылар ретінде көрінсе, фильм барысында олардың адамгершілік секілді тағы да басқа жеке тұлғалық қасиеттері ашылады. Сондай-ақ қиындықтармен бетпе-бет келіп, қызметтік парызын орындаудағы психологиялық қысымға төтеп беру арқылы нағыз қаһармандық танытады. Бұл кезеңдегі трансформация олардың айқын мақсаты мен кәсіби шеберлігін көрсетеді. Осы тұста жалғыз ұлының ауыр қалде жатқанына қарамастан, барлық жауапкершілікті өз мойнына алып, өмірін қатерге тігуі — бас кейіпкердің жұмысына және отан алдында берген антына адалдығын көрсетеді.

Кепілге алынған адамдардың оқиға барысындағы өзгерісі ерекше назар аудартады. Алғашында қорқыныш пен белгісіздік үстемдік етсе, уақыт өте келе олар батылдық пен ынтымақтастықты көрсетіп, қиын жағдайды еңсеруге тырысады. Бұл трансформация оларды жай ғана құрбаннан белсенді қатысушыға айналдырады.

Фильмдегі оқиғалар адамның төтенше жағдайдағы ішкі жан дүниесін және әлеуметтік қарым-қатынастардың өзгеруін көрсетеді. Бұл тек жеке өзгерістермен шектеліп қоймайды, сонымен бірге тұтас қоғамның осындай жағдайларға қарым-қатынасын, адами құндылықтар мен өмірде кездесетін түрлі мәселелерді қайта қарастыруына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, фильмдегі оқиғалар құқық қорғау қызметкерлерінің қоғамдық имиджін өзгертуге ықпал етеді. Алдында көптеген түсініспеушіліктерге немесе сынға ұшыраған жүйе, қиындықтар мен сын-қатер арқылы өзінің маңыздылығы мен қажеттілігін дәлелдейді. Бұл фильмнің драмалық

тереңдігін арттырып, кейіпкерлердің ішкі әлемін түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша фильм жеке тұлғаларды ғана емес, тұтас қоғамның белгілі бір жағдайларға бейімделуі мен өзгеруін де қамтиды.

Ал режиссер Асхат Кучинчирековтың «Бауырына салу» атты алғашқы толықметражды көркемсуретті фильмі ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастың күрделілігін және оны қалпына келтіру жолдарын зерттеуге бағытталған. Фильмнің басты кейіпкері Ерсұлтан есімді бала әжесі қайтыс болғаннан кейін ата-анасының үйіне көшіп келеді. Бұл жағдай оның өміріндегі жаңа кезеңнің басталуына себеп болады. Ата-анасына әже орнын басу басында оңайға соқпайды және олармен қарым-қатынас орнатуда Ерсұлтан біраз қиындықтарға тап болады. Баланың ата-анасымен байланыс орнатуына жол бермейтін негізгі фактор — оның әжесімен тым нәзік рухани байланысы мен оған деген сағынышы еді.

Фильмде «бауырына салу» секілді қазақтың ұлттық дәстүрі арқылы әке мен бала арасындағы қарым-қатынастың мәселелері қарастырылады. Бұл дәстүр отбасылық байланыстарды, ересектер мен жастар арасындағы жауапкершілік пен сүйіспеншілікті күшейтуді мақсат етеді. Алайда Ерсұлтанның тарихынан көргеніміздей, әрбір отбасында мұндай қарым-қатынас өзіндік қиындықтар мен қайшылықтар туғызуы мүмкін. Бұл фильм кейіпкерінің белгілі бір дәрежедегі жалғыздық сезімін басынан өткеруіне әсер етеді. Мурат Холганат пен Алма Айдардың мақаласында да адам мен қоғам арасындағы байланыстардың үзілуі, адамның жалғыздығы және абырой үшін күресу мәселелері терең талданады, ол тұлғаның өз эгоцентризмімен өмір сүруінің ауыр салдарын көрсетеді (Холганат және Айдар, 139-140).

Қазақ қоғамындағы отбасылық құрылым мен мәдени құндылықтарды зерттей отырып, режиссер көрерменді

әлеуметтік және эмоциялық мәселелермен бетпе-бет кездестіреді. Фильм, сондай-ақ, балалардың көзімен отбасы мәселелерін көрсету арқылы ата-ананың рөлі мен жауапкершілігін қайта қарастыруға ықпал етеді. Актерлік құрам, соның ішінде, әсіресе Е. Ерманов өз кейіпкерінің ішкі жан дүниесін мейлінше ашып көрсетеді. Бұл туынды қазақ кино өнеріне жаңа леп әкеліп, ұлттық дәстүрлер мен қазіргі заман талабына сай отбасылық қарым-қатынасты қайта қарауға мүмкіндік береді.

«Бауырына салу» фильміндегі кейіпкерлер бейнесіндегі трансформация негізгі оқиғалардың өрбуі арқылы көрініс табады, әсіресе басты кейіпкер Ерсұлтанның көзқарасы мен сезім иірімдерінің өзгеруіне баса назар аудартады. Ерсұлтан өзінің жаңа отбасылық ортаға бейімделуі барысында күрделі эмоциялық және психологиялық өзгерістерден өтеді. Әжесі қайтыс болғаннан кейін ата-анасына көшіп келген ол бұрынғыдан өзгеше әлемге тап болады. Кейіпкердің ата-анасымен алғашқы кезеңдегі күрделі қарым-қатынасы жасөспірімнің ішкі жан дүниесіндегі қарама-қайшылықтар мен жалғыздық сезімін тудырады. Фильм барысында Ерсұлтан ата-анасының сүйіспеншілігі мен қолдауын түсініп, олардың арасында өз орнын табуға тырысады. Бұл процесс оның тұлғалық және эмоциялық тұрғыдағы маңызды қадамдарын, яғни ішкі жан дүниесіндегі өзгерістерді көрсетеді.

Әжесіне деген сағыныш Ерсұлтанның өз өмірлік құндылықтарын қайта қарастыруына себеп болады және болашаққа деген көзқарасы мен отбасы туралы түсінік-пайымын жаңа деңгейге көтереді. Фильм кейіпкерлерінің бейнесіндегі бұл трансформация көрермен үшін отбасы мен дәстүрдің күрделі динамикасын зерттеуге мүмкіндік береді. Ерсұлтан бейнесіндегі өзгерістер әрбір адамның өсіп-жетілу жолындағы ішкі және сыртқы сынақтармен

күресуінің үлгісі ретінде қызмет етеді. Ата-ана мен бала қарым-қатынасындағы өзгерістер Ерсұлтанның отбасымен қайта қауышуына және ата-анасының да өзгеруіне ықпал етеді. Олар бастапқыда баласымен қарым-қатынас орнатуда қиындықтарға тап болады және байланысты нығайту қажеттілігін сезінеді. Бұл уақыт өте келе ата-ана мен бала арасындағы байланыстың күшейе түсуіне себеп болады.

Фильмде «бауырына салу» дәстүрі мәдени және әлеуметтік тұрғыдан ашық көрсетіледі. Дәстүр бойынша баланың әжесімен бірге қалуы оның тәрбиесіне әсер еткенімен, ата-анасынан алшақтатады. Бұл жағдай қазіргі кезде көптеген дәстүрді қайта қарастыруға және мәдени құндылықтарды жаңа қырынан бағалауға назар аудартуы мүмкін. Шын мәнінде «бауырына салу» — қазақ киносында аса қозғалмаған тақырыптардың бірі. Әрине әже мен немере арасындағы ерекше бір нәзік байланыс «Менің атым Қожа», «Алты жасар Алпамыс», «Көксерек» секілді тағы да басқа фильмдерде көрсетіледі. Алайда кәдуілгі «бауырына салу» тақырыбы арнайы қозғалған фильмдер түсірілмеді. Сондықтан «Бауырына салу» фильмі тек кейіпкер бейнесіндегі трансформация ғана емес, тақырып жағынан да отандық кино өнеріне жаңашылдық ала келген шығармалардың бірі деуіміз керек.

Кейіпкер бейнесінің трансформациясы айқын көрінген соңғы жылдары түсірілген отандық толықметражды көркемсуретті шығармалардың бірі — режиссер Дархан Төлегеновтің «*Братья*» дебюттік фильмін айтуға болады. Бұл фильмде де бала мен ата-ана қарым-қатынасына назар аударады. Негізгі кейіпкері — балалар үйінде тәрбиеленген және әкесін іздеп тапқысы келетін Ақжол есімді жас жігіт. Әкесімен кездескісі келетін ниеті оны өмірінің маңызды қадамдарына, жаңа, тәуелсіз өмірге жетелейді. Алайда жаңа өмірі оңай емес: көршісі Димашпен

танысқан соң, Ақжол қылмыс әлеміне еніп кетеді, бұл оның өмірінде бірқатар моральдық дилемма мен қиындықтар туғызады.

Фильмнің маңызды сәттерінің бірі — Ақжолдың өзінің туған інісін табуы. Бұл оқиға оның әлеуметтік ортадағы байланыстарын кеңейтеді және жаңа көзқарастарға ие болуына себеп болады. Інісін тапқан соң, олар әкесін бірге іздеуге бел буады. Інісі екеуі арасындағы байланыс пен олардың көздеген ортақ мақсаты — басты кейіпкердің өміріндегі маңызды трансформацияны және отбасы мен өткенін іздеудегі ішкі және сыртқы күрестерін көрсетеді.

Фильмде әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы айырмашылықтар мен қарым-қатынастар ерекше орын алады. Ақжолдың балалар үйінен бастап, қылмыс әлеміне енуі және інісі арқылы мүлдем басқа әлеуметтік жағдайға куә болғанға дейінгі жүріп өткен жолы қоғамдағы теңсіздік пен адамгершілік мәселелерін зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл тақырыптар, әсіресе, қазіргі қоғамдағы жауапкершілік, адамгершілік, мейірім секілді мәңгілік құндылықтар мен отбасы ұғымының мәнін қайта қарауға итермелейді.

Фильмде Ақжолдың басынан кешкен оқиғалары арқылы оның тұлғалық дамуы көрсетіледі. Балалар үйінен бастап, қиындықтарға толы әлемге тап болуы және інісімен бірге әкесін іздеуі — кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі өзгерістерді бейнелейді. Бұл трансформация кейіпкердің тағдыры мен өмір жолына тереңірек үңілуге мәжбүр етеді.

«Братья» фильмі — әлеуметтік мәселелердің күрделілігіне және жеке адамның өзін-өзі табу жолындағы күресі мен отбасылық байланыстың маңызына назар аудартатын терең драмалық шығарма. Кейіпкерлер бейнесінің трансформациясы, әсіресе, Ақжолдың өз көзқарасы мен өмірлік ұстанымдарын өзгертуі арқылы анық байқалады.

Ақжолдың інісімен бірге әкесін іздеу жолында басынан өткерген оқиғалары оның жеке тұлғалық дамуындағы маңызды қадам ретінде көрінеді. Бастапқыда болашағы жайлы түсінігі бұлыңғыр болса, уақыт өте келе өз өміріне деген жауапкершілікті сезіне бастайды. Ақжолдың өмір сүру салты мен көзқарасы біртіндеп елеулі өзгерістерге ұшырайды. Димашпен танысқаннан кейін, Ақжол қылмыс әлеміне тартылып кетсе де, кейінірек ол әрекеттері өмірлік құндылықтарды қайта бағалауына себеп болады. Бұған қоса інісімен кездесуі және онымен бірге сапар шегу мүмкіндігі де шынайы мақсатын түсінуіне ықпал етеді. Ақжолдың өз өміріне басқа жағынан қарауы және қалыптасқан жағдайлардан шығудың адал жолдарын іздеуге тырысуы оның ішкі өзгерістерін көрсетеді.

Фильм барысында Ақжолдың әлеуметтік ортадағы өзгерісі көбірек байқалады. Балалар үйінен қылмыстық ортаға тап болған ол кейін інісі арқылы мүлдем басқа әлеуметтік ортамен кездеседі. Бұл оның қоршаған ортаға, адамдарға және өз өткеніне қатысты ұстанымдарының өзгеруіне ықпал етеді. Әкесін іздеу жолындағы саяхаты інісі екеуі арасындағы байланысты нығайтады. Ақжол отбасылық құндылықтарды түсініп, өміріндегі маңызды адамдардың қолдауын бағалай бастайды. Бұл процесс оны жеке тұлға ретіндегі өзгерістерге бастайды және бұрынғыдан әлдеқайда мән-мазмұнға толы өмірлік ұстанымдарға ие болуына мүмкіндік береді. Фильм кейіпкерлерінің мінез-құлқы мен іс-әрекеттеріндегі, дүниетанымы мен көзқарасындағы өзгерістер олардың бейнесінің тереңдеп, күрделене түсуіне жол ашады. Бұл трансформация, әсіресе, екі бауырдың да жеке өсу жолындағы ішкі күресі мен әлеуметтік жағдайлардың ықпалы арқылы жүзеге асады.

Қазақ киносының тарихында бауыр тақырыбына түсірілген фильмдер аса жиі болмаса да кездеседі. Осы ретте Әмір Қарақұловтың «Әзәзіл» («Разлучница»,

1991), Серік Апрымовтың «Ақсуат» (1997), «Үш ағайынды» («Три брата», 2000), т.б. фильмдерін айтуға болады. Алайда ол фильмдердегі кейіпкерлердің бейнесі Асхат Кучинчирековтің кейіпкерлерінен өзгешелігі өте көп. Мысалы, «Ақсуатта» ауылдағы қара шаңырақтың отын өшіргісі келмейтін Аман мен әке-шешесінің шаңырағы түгілі, өз отбасы үшін де жауапкершілікті сезінбейтін ағасы Қанат арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді. Қанат ұлы мен жарын тастап, ақыр соңы ауылдан қашып шығып, қалаға кетеді. Фильмде екі бауыр арқылы өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басындағы қазақ қоғамындағы күрделі әлеуметтік мәселелер мен өзгерістер көрсетіледі. Араға жиырма бес-жиырма алты жыл салып түсірілген «Братья» фильмінің кейіпкерлерінің «Ақсуаттан» айырмашылығы — тағдыр тәлкегімен екі жаққа кеткен бауырлардың ақыр соңы бір-бірімен кездесуі. Алайда олар алдыңғы буынды, яғни әкесін кінәлайды, ал «Ақсуатта», керісінше, ата-әжені, әке-шешені, олардан қалған шаңырақты қадірлейді (Аман). «Ақсуатта» бауырлардың ара-қатынасы, олардың бейнесі сол кезеңдегі еліміздегі әлеуметтік жағдайлармен, қазақ менталитетіндегі өзгерістермен тығыз байланыста көрсетілсе, «Братья» фильмінде екі бауырдың ішкі психологиялық күйіне басым назар аударылады.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңы мен 90-шы жылдары қазақ киносында пайда болған тың тақырыптардың бірі ауылдан, шағын қалашықтардан ірі қалаға көшкен қазақтардың тағдыры болды. Сол кезеңнің ауанын «Қайрат», «Қиллер» секілді тағы да басқа көптеген фильмдер арқылы танып-білуімізге болады. Бұл тақырып отандық киноға үлкен қалада өз орнын тапқысы келетін, алайда түрлі қиындықтарға кезігетін кейіпкерлерді әкелді. Сондай кейіпкерлердің бірі,

мысалы, «Қиллер» (1998, реж. Дәрежан Өмірбаев) фильмінде пайда болады. Фильмде үлкен қалада тұрақтап қалғысы келетін, отбасы бар Марат есімді жас жігіт қаржы мәселесін шешу жолдарын іздейді. Ақыр соңы ол қылмысқа барып, өзі сол қылмысқа итермелегендердің қолынан қаза табады. Үлкен қалада отбасымен бірге тұрақтап қалғысы келетін және әлеуметтік күрделі мәселелермен бетпе-бет қалған кейіпкерлерді бүгінгі қазақ киносынан, атап айтқанда «От» фильмінен де көруге болады. Алайда «Қиллердің» кейіпкері мен бүгінгі кейіпкерлердің бейнесі арасында айырмашылық бар ма, не өзгерді әлде ештеңе өзгерген жоқ па деген сұрақтар туындауы мүмкін.

Режиссер Айжан Қасымбектің «От» дебюттік көркемсуретті фильмінде де жоғарыда қарастырылған «Бауырына салу», «Братья» фильмдері секілді бүгінгі әлеуметтік және отбасылық мәселелер қатар қарастырылады. Басты кейіпкері Толик — үлкен қалада отбасының қамын жасауға тырысып жүрген қарапайым жұмысшы. Жүкті әйелі, балалары мен зейнеткер әкесі алдында өз жауапкершілігін сезінеді. Бірақ курьер ретінде жұмыс істеп тапқан аз табысы отбасы қажеттіліктерін толық қамтамасыз ете алмайды. Осылайша, ол несие алып, қаржылық қиындықтардан шығуды көздейді (Габдрашитова және Мукушева, 40).

Фильм қала өміріндегі күрделі әлеуметтік және экономикалық мәселелерді көтереді. Әсіресе, ауылдан қалаға көшкен отбасылардың күнделікті тұрмысындағы қиындықтарға басым назар аударылады. Әлеуметтік жағдайы қаншалықты күрделі болса да, басты кейіпкер — Толик өз отбасы алдындағы жауапкершілігі мен сүйіспеншілігін жоғалтпайды. Яғни түрлі қиындықтар отбасылық татулық пен өзара сыйластықтың сақталуына кедергі келтірмейді. Мысалы, үміт пен сенім артып отырған тұңғыш қызы Сәуленің

жүкті болып қалуы, жігіттің отбасының оны қабылдамауы көп жоспарды бұзады әрі болашаққа деген отбасы үмітіне бір сәттік селкеу салады. Бірақ басты кейіпкер бұл жағдайды қабылдау кезінде өзіне деген сенімін жоғалтпауға тырысады. Мұның өзі оның рухани жетілуіне ықпал етеді. Қаншалықты күрделі жағдайға тап болса да, Толик және оның отбасы адамгершілік ұстанымынан айнымай, өзара түсіністік танытып, бірін-бірі қолдайды.

Тек қаржылық мәселелермен ғана емес, өмірдің кейбір күрделі тұстарымен бетпе-бет келген Толик ішкі және сыртқы трансформациядан өтеді, отбасы алдындағы жауапкершіліктің қаншалықты маңызды екенін түсінеді, өз отбасын қорғауға деген талпынысы оның ішкі төзімі мен қайрат-жігерін шыңдай түседі. Алайда қаржылық қиындықтар мен отбасындағы мәселелер Толиктің ішкі дағдарысын туғызады. Бірақ ол бұл қайшылықтарды шешу жолында табандылық танытып, дұрыс шешім қабылдау қабілетін дамытады. Жеңістер мен жеңілістер оның өмірлік көзқарасына, ішкі әлеміне әсер етеді. Фильмде кейіпкерлер тап болған қиындықтар отбасының өзін-өзі қорғап, болашаққа деген үмітінің сөнбеуі жолында әрекет ететін әрі оларды біріктіретін жағдай ретінде көрінеді.

«От» фильмі — қазіргі қоғамдағы өзекті деген әлеуметтік және отбасылық мәселелерді шынайы бейнелейтін туынды. Фильмнің сюжеті мен кейіпкерлердің басынан кешкен оқиғалары, олардың түрлі ішкі сезім иірімдері әлеуметтік және отбасылық мәселелерге жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Яғни Толик пен оның отбасы мысалында адам қандай қиыншылық болса да, өзара ынтымақ пен бірліктің болуы өте маңызды екенін баяндайды. Жоғарыда аталған «Қиллер» фильмінің кейіпкерінен айырмашылығы да осында — егер Марат өзі өмір сүрген қоғамның құрбанына айналса, Толик

мүмкіндігінше өзін, отбасын сақтап қалуға, болашақтан үмітін үзбеуге тырысады.

Режиссер Думан Еркімбектің «*Үміт сәулесі*» атты қысқаметражды дебюттік көркемсуретті фильмі бұқаралық спорттың маңыздылығын насихаттайды. Фильм шынайы оқиғаға негізделген және басты кейіпкердің өміріндегі күреске толы сәттерді бейнелейді. Бұл күрес нақты бір спорт алаңында емес, кейіпкердің өз санасында өтіп жатады. Қиындыққа тап болған ол өз ішіндегі күдік пен сенімсіздікті жеңіп, алдына қойған мақсатына жетуге тырысады. Фильм осы ішкі күресті көрсете отырып, адамның ерік-жігері қашанда жеңіске алып баратын негізгі сәт екенін баяндайды.

Фильм бұқаралық спорттың маңызы мен оның адамдардың физикалық және психикалық денсаулығына оң әсер ететінін насихаттайды. Сонымен бірге басты кейіпкердің жан дүниесіндегі күресі арқылы адамның өзін-өзі дамытуы, ішкі күдіктерін жеңуі және биік мақсатқа жету жолындағы өзгерістерді көрсетеді. «*Үміт сәулесі*» шын мәнінде, көрермен аудиториясына оң ықпал ететін фильм. Паралимпиялық спортшы туралы шынайы оқиғаларға сүйеніп түсірілген бұл фильм ерекше жетістіктерге жеткен кейіпкер бейнесінің үлгісін ұсынады. Фильм мейірім мен өзгенің тағдырына бейберекет қарамайтын жанашырлық сезімінің маңызды екенін көрсетеді. Сонымен бірге қоғамда спорттың ықпалы мен қолжетімділігін арттыру адамдардың денсаулығы мен ішкі рухын көтеруге бірден-бір себеп болатынын, яғни түрлі асуларды бағындырып, өз-өзіне қойған ішкі шектеулерін жеңіп шығуына ынталандыратынын баяндайды.

«*Үміт сәулесі*» фильміндегі кейіпкер бейнесінің трансформациясы оның ішкі және сыртқы өзгерістері кезінде анық байқалады. Бұл ең алдымен ішкі әлеміндегі күресте көрініс табады. Бастапқыда ол қиындықтар мен күдікке

толы жағдайларға кезігеді. Санасындағы кедергілерді жеңу арқылы кейіпкер өзінің шынайы әлеуетін ашады және алдына қойған мақсатына жетеді. Бұл ішкі жеңіс оның өзін қабылдауы мен сеніміне үлкен әсер етеді.

Кейіпкердің физикалық мүмкіндіктерінің шектеулі болуы — оның өміріндегі негізгі сынақтардың бірі. Алайда ол бұған қарамастан, өз мақсатына жетуге тырысады. Тек ішкі дүниесіндегі ғана емес, сонымен бірге оның физикалық трансформациясы да маңызды. Сондықтан кейіпкер шыдамдылығы мен еңбекқорлығы арқылы физикалық шектеулерді еңсеруге тырысады.

Кейіпкердің трансформациясы оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасынан да байқалады. Бұл басқа адамдармен, әсіресе, жақындарымен тығыз қарым-қатынас орнатуына себепші болады. Ал ол өз кезегінде қоршаған ортаның да Ақжолға деген көзқарасын өзгертеді.

Кейіпкердің ішкі трансформациясы оның рухани дүниесіндегі өзгерістерді де қамтиды. Бұл оның өмірдің басқа да қырларын қайта қарастыруына, көзқарасының өзгеруіне ықпал етеді. Трансформация фильмнің негізгі сюжетімен тығыз байланысты және кейіпкердің өмірдегі өзгерістерге икемденуін, шектеулерді еңсеруін және өз мақсатына жету жолындағы табандылығын көрсетеді.

Сонымен «*Жамбыл. Жаңа дәуір*» фильмінде қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың кеңестік идеологиямен күресі және осы күрес арқылы оның тұлғалық трансформациясы көрсетіледі. Фильмде Жамбылдың мінез-құлқындағы өзгерістер оның шығармашылық еркіндігін сақтауға бағытталады. Ал «*Набат операциясы*» фильмінде кейіпкерлердің тұлғалық болмысындағы өзгерістер арқылы олардың батылдығы мен адамгершілігі көрсетіледі. Бұл фильмде қауіпті жағдайларда адами

касиеттердің қалай ашылатыны зерттеледі.

«Бауырына салу» фильмінде Ерсұлтан есімді кейіпкердің отбасымен қарым-қатынасы баяндалады және «бауырына салу» дәстүрі арқылы отбасылық құндылықтарды жаңаша тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді. Ал «Братья» фильмінде жас жігіттің қылмыстық әрекеттерден бас тартып, өзінің түпкі мақсатын іздеуіне мән беріледі. Моральдық және рухани даму жолы көрсетіліп, кейіпкердің ізденісі арқылы ішкі өзгерістері ашылады. Келесі «От» фильмінде күнделікті тұрмыс қиындықтарына қарамастан, отбасына қамқор болуды мақсат еткен Толиктің сыртқы және ішкі қиындықтарды еңсеруі көрініс тапқан. Оның өміріндегі өзгерістер арқылы бүгінгі таңдағы отбасы алдындағы жауапкершілік тақырыбы қарастырылады.

«Үміт сәулесі» фильмі ішкі күдіктер мен сыртқы қиындықтарды жеңуге жігерлендіреді. Басты кейіпкер өз-өзін жеңіп, табандылық көрсетуі нәтижесінде жаңа мүмкіндіктерге ие болып, мұрат-мақсатына жетуге талпынады.

Нәтижелер

Сонымен мақалада жоғарыда қарастырылған фильмдер туралы талдаудың нәтижелері мен ықпалына тоқталайық. Әрбір фильм кейіпкерлердің тұлғалық және эмоциялық тұрғыдағы дамуын көрсету арқылы ішкі трансформация мәселесін тереңірек ашады. Мысалы, «Жамбыл. Жаңа дәуір» мен «Бауырына салу» фильмдерінде кейіпкерлер дәстүрлі құндылықтар мен жаңа әлеуметтік жағдайлар арасында тепе-теңдік табуға тырысады. Бұл олардың өмірлік көзқарастарының өзгеруіне және дамуына ықпал етеді.

Фильмдер қоғамдағы өзекті әлеуметтік мәселелерді қозғап, маңызды сұрақтарға жауап іздейді. «Набат операциясы» фильмінде қауіпсіздік пен

әділдік мәселелері, «От» фильмінде экономикалық қиындықтар мен отбасы алдындағы жауапкершілік тақырыптары көтеріледі. Бұл фильмдер арқылы заманауи қоғамдағы түрлі қиындықтар мен сол қиындықтарға тап болған жеке адамның моральдық, психологиялық жағдайы, тығырықтан шығуға талпынған іс-әрекеттері көрсетіледі. Сонымен бірге ұлттық дәстүрлер мен жаңашылдықтың үйлесім табуы қоғамдағы мәдени тұтастықты нығайтуға ықпал етеді. Бұл мәдени және көркемдік құндылықтарды жаңаша қарастыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда қарастырылған фильмдердің басым көпшілігі халықаралық кинофестивальдерге қатысып, көптеген жұлдеге ие болды. Әрине бұл қазақ киносының әлемдік деңгейде жоғары бағаланатынын әрі жаһандық мәдениет пен өнер нарығында өзіндік орны бар екенін дәлелдейді.

Сонымен заманауи қазақ киносы кейіпкерлер бейнесіндегі трансформация арқылы терең ойға жетелей отырып, маңызды әлеуметтік және мәдени мәселелерді зерттеуге үлкен үлес қосуда. Бұл бүгінгі қазақ кинематографиясындағы жаңа шығармашылық ізденістер мен фильмдердің көркемдік деңгейінің жоғары екенін айқындайды.

Негізгі тұжырымдар

Мақаламызға арқау болған фильмдерді талдау негізінде төмендегідей негізгі тұжырымдар жасалды:

— кейіпкерлердің эмоциялық және психологиялық жағдайын әрқилы қырынан қарастыра отырып, көптеген әлеуметтік мәселелерді қозғайды. Бұл кейіпкерлердің ішкі дүниесінің өзгерісін шынайы әрі терең көрсетуге мүмкіндік берді;

— бүгінгі фильмдерде ұлттық дәстүрлер мен заманауи тақырыптардың үйлесімділігі байқалады. Бұл тәсіл қазақ киносының мәдени тұтастықты

сақтай отырып, жаңа идеяларға ашық болуын қамтамасыз етеді. Мұның өзі эстетикалық және әлеуметтік ерекшеліктердің сақталуына ықпал етеді.

— мақалада қарастырылған фильмдер қазақ қоғамындағы өзекті мәселелерді тереңінен зерттеуге назар аудартады, соның ішінде экономикалық қиындықтар, отбасылық қатынастар, т.б. секілді тақырыптарға назар аударады.

— кейіпкерлер бейнесін ашуда қолданылған тәсілдер бүгінгі қазақ киносының көкжиегін кеңейтіп, тың шығармашылық ізденістердің пайда болуына әсер етті.

Сонымен бүгінгі қазақ киносының әлеуметтік, қоғамдық түрлі мәселелерді терең зерттеудегі маңызы өте зор. Мақалада қарастырылған соңғы жылдары түсірілген отандық көркемсуретті фильмдер осының дәлелі болса керек.

Қорытынды

Қазақ киносының қазіргі кезеңдегі даму үдерісі көрермен мен мамандардың қызығушылығын тудыратын маңызды құбылысқа айналды. Сонымен бірге халықаралық деңгейдегі танымалдығы да артуда, бұл отандық кинематограф үшін жаһандық мәдени кеңістікте өз орнын табуға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Көптеген фильмдер шетелдік кинофестивальдерде лайықты бағаланып, жоғары марапаттарға ие болуда. Бұл қазақ киносының өзіндік ерекшеліктері мен түрлі тақырыптарды қамтып, көрермен аудиториясының ықыласына ие болуына жол ашады.

Бүгінгі отандық кино жоғарыда қарастырылған және тағы да басқа

көптеген фильмдердегі кейіпкерлер бейнесі арқылы түрлі өзекті әлеуметтік мәселелерге, жеке адамның тағырына назар аударады. Кейіпкерлердің ішкі және сыртқы трансформациясы арқылы фильмдер терең ойға жетелей отырып, маңызды өмірлік сынақтардың мәнін ашуға ұмтылады. Жамбылдың шығармашылық еркіндік жолындағы күресінен бастап, қылмыс әлемінен бас тартып, отбасымен қауышуға ниет еткен Ақжолға дейінгі барлық кейіпкерлерді біріктіретін ортақ тақырып — ішкі жан дүниесіндегі күрес, арпалыстар арқылы өз-өзін табу, күш-жігерге ие болу және сыртқы қысымдарға қарсы тұру. Қай кейіпкерді алсақ та, әрқайсысының бейнесі олар өмір сүрген (сүріп жатқан) қоғамның хал-ахуалымен тығыз байланыста ашылады.

Қорыта келгенде, заманауи қазақ киносы қоғамдағы өзгерістерді зерттеп қана қоймай, жеке адамның сол қоғамдағы орнына, дүниетанымына, қиындықтармен күрес жолындағы іс-әрекеттері мен ішкі жан дүниесіндегі өзгерістерге, т.б. аса назар аударады. Яғни жоғарыда қарастырылған фильмдердің барлығының негізгі лейтмотиві адам және оның тағдыры екеніне куә болып отырмыз. Әрбір фильмде кейіпкер өмір сүріп жатқан кезеңнің атмосферасы шынайы бейнеленеді. Бұл ең алдымен кейіпкерлер бейнесіндегі трансформациямен де тығыз байланысты. Яғни, жаңа кейіпкерлер мен тақырыптарды қамтыған бүгінгі қазақ киносы тың идеялар, мәдени құндылықтар мен заманауи көзқарастардың синтезіне айналды. Бүгінгі қазақ киносының осы ерекшелігі әлемдік деңгейде мойындалуына бірден-бір себеп болып отыр.

Авторлардың үлесі

Ә.Қ. Омаров – негізгі мәтін, аңдатпа жазу, дәйексөздерді іздеу, зерттеу тұжырымдамасын негіздеу, зерттеулерді жоспарлау, талдау жүргізу, мақала мен әдебиеттер тізімін құрастыру, қорытындыларды тұжырымдау.

Н.Р. Мұқышева – негізгі мәтінді, аңдатпа мәтінін өңдеу, редакциялау, әдеби деректерді талдау және жалпылау, кеңес беру, ғылыми жетекшілік.

Вклад авторов

Ә.Қ. Омаров — написание основного текста и аннотации, поиск цитат, обоснование концепции исследования, планирование исследования, проведение анализа, составление статьи и списка литературы, формулирование выводов.

Н.Р. Мукишева — редактирование основного текста и аннотации, анализ и обобщение литературных источников, консультирование, научное руководство.

Authors' Contributions

A.K. Omarov – drafting the main text and abstract, searching for quotations, developing the research concept, planning the study, conducting analysis, compiling the article and references, formulating conclusions.

N.R. Mukysheva – editing and revising the main text and abstract, analyzing and synthesizing literary sources, providing consultation, and offering scientific supervision.

Дереккөздер тізімі

Ayu Fitri Hardiyanti., et al. "Analysis of Three Dimensional Aspects of the Main Character in Frances Ha Film". *Journal of Language and Applied Linguistics*, Vol. 05, №01, 2024, p. 110-119. <https://dx.doi.org/10.22334/traverse.v5i1>

Manakbayeva, Aigerim and Nikolayeva, Olga. Reflection of public policy in cinema: sociological analysis on the example of Kazakhstan. *Public policy and administration*, 2021, T. 20, №5, p. 727-736. DOI: 10.13165/VPA-21-20-5-15

Найзабеков, Аян және Уразбаева, Шарипа. Кино XXI века: направления и факторы развития. *Central Asian Journal of Art Studies*, 2024, №9 (2), с. 288-301. DOI: <https://doi.org/10.47940/cajas.v9i2.837>

Рахманқызы, Нәзира. *Қазақ киносы: кеше және бүгін*. Астана: Фолиант, 2017. – 464 б.

Мұқышева, Нәзира. «Тұлпардың ізі» фильмі мен сценарийіндегі көркемдік детальдар: фотосуреттің драматургиялық маңызы // *М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, «Керуен»*, 2024, №1 (82), 278-291 бб. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.1-22>

Ногербек, Бауыржан және Ногербек, Баубек. *Казахское игровое кино: экранно-фольклорные традиции и образ героя*. Алматы: «Дәстүр», 2014. – 422 б.

Машрапова, Гульажар. Фильм «Операция «Набат»: экшн с живыми негодьями и картонными героями. 2024 <https://orda.kz/film-operacija-nabat-jekshn-s-zhivymi-negodjajami-i-kartonnymi-gerojami-386158/?ysclid=m5nodz0lrj627049195>.

Қарастырылған уақыты 15 қаңтар 2025.

Холганат, Мурат және Айдар Алма. «Заманауи қазақ киносындағы неомифологизмдер интерпретациясы.» *Central Asian Journal of Art Studies*, 2023, №8 (4), 139-140 бб. DOI: <https://doi.org/10.47940/cajas.v8i4.745>

Габдрашитова, Камила және Мукушева, Назира. Поэтические символы в современном феминистическом кино Казахстана. *Central Asian Journal of Art Studies*, 2023, №8 (1), с. 30-48. DOI: <https://doi.org/10.47940/cajas.v8i1.614>

References:

- Ayu Fitri Hardiyanti., et al. Analysis of Three Dimensional Aspects of the Main Character in Frances Ha Film. *Journal of Language and Applied Linguistics*, Vol. 05, №01, 2024, pp. 110-119. <https://dx.doi.org/10.22334/traverse.v5i1>
- Manakbayeva, Aigerim, and Nikolayeva, Olga. Reflection of public policy in cinema: sociological analysis on the example of Kazakhstan. *Public Policy and Administration*, 2021, Vol. 20, №5, pp. 727-736. DOI: 10.13165/VPA-21-20-5-15
- Naizabekov, Ayan, and Urazbayeva, Sharipa. Cinema of the 21st Century: Directions and Development Factors. *Central Asian Journal of Art Studies*, 2024, №9 (2), pp. 288-301. DOI: <https://doi.org/10.47940/cajas.v9i2.837>
- Rakhmankyzy, Nazira. *Kazakh Cinema: Yesterday and Today*. Astana: Foliant, 2017. – p. 464
- Mukysheva, Nazira. «The Artistic Details in the Film and Script Tulpar's Footprints: The Dramaturgical Importance of Photography». *Keruen Journal of the M.O. Auezov Institute of Literature and Art*, 2024, №1 (82), pp. 278-291. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.1-22>
- Nogherbek, Bayrzhan, and Nogherbek, Baybek. *Kazakh Feature Films: Screen-Folklore Traditions and the Image of the Hero*. Almaty: «Dastur», 2014. – 422 p.
- Mashrapova, Gulajar. Film «Operation Nabat»: Action with Lively Villains and Cardboard Heroes. 2024 <https://orda.kz/film-operacija-nabat-jekshn-s-zhivymi-negodjajami-i-kartonnymi-gerojami-386158/?ysclid=m5nodz0lrj627049195>. Accessed 15 January 2025.
- Kholganat, Murat, and Aidar, Alma. Interpretation of Neomythologies in Modern Kazakh Cinema. *Central Asian Journal of Art Studies*, 2023, №8 (4), pp.139-140. DOI: <https://doi.org/10.47940/cajas.v8i4.745>
- Gabdrashitova, Kamila, Mukysheva, Nazira. Poetic Symbols in Contemporary Feminist Cinema of Kazakhstan. *Central Asian Journal of Art Studies*, 2023, №8 (1), pp. 30-48. DOI: <https://doi.org/10.47940/cajas.v8i1.614>

Омаров Адилет

Казахский национальный университет искусств имени Күләш Байсейітовой
(Астана, Казахстан)

Мукушева Назира

Казахский национальный университет искусств имени Күләш Байсейітовой
(Астана, Казахстан)

НОВАТОРСТВО В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ КИНО: ТРАНСФОРМАЦИЯ ОБРАЗА ГЕРОЯ

Аннотация. Казахское киноискусство последних лет переживает значительные трансформации, отражая актуальные социальные, культурные и эмоциональные реалии, что проявляется в более глубоком и многослойном изображении национальной культуры и социальных проблем. В связи с этим каждый новый фильм становится важным инструментом в передаче изменений, происходящих в обществе, а также в контексте культурных ценностей и актуальных тем. Это, в свою очередь, оказывает влияние на эволюцию образа героев, что и является предметом данного исследования. Целью работы является анализ трансформации образа героя в современном казахстанском кино с акцентом на социальные и культурные аспекты этих изменений. Для достижения поставленной цели были использованы методы контент-анализа, сравнительного анализа, символической интерпретации и текстового анализа. Эти методики позволили всесторонне изучить изменения в характере и социальной роли героя в контексте современных казахстанских фильмов. Метод текстового анализа использовался для выявления значительных изменений в личностных характеристиках героев, а также для анализа их связи с социально-культурными тенденциями, характерными для данного периода. С помощью визуальной семиотики была проанализирована символическая составляющая фильмов и ее взаимосвязь с их содержательной основой. Историко-культурный метод позволил выявить особенности казахского кино в контексте глобальных кинематографических тенденций. В качестве объектов исследования были выбраны такие фильмы, как «Жамбыл. Жаңа дәуір», «Операция Набат», «Бауырына салу», «Братья», «От» и «Үміт сәулесі», которые демонстрируют разнообразие подходов к изображению героев и их изменениям. В ходе анализа было установлено, что внутренний мир героев, их личностные и психологические характеристики напрямую связаны с социальными и культурными процессами, происходящими в обществе. Герои современного казахского кино служат отражением социальных реалий, уровня взаимодействия личности и общества, а также противоречий между традиционными ценностями и современными идеалами. Полученные результаты подчеркивают ключевые аспекты трансформации образа героев в контексте изменений, происходящих в казахстанском обществе. Практическая значимость работы заключается в возможности для разработки новых творческих концепций и образа героев, что может способствовать дальнейшему развитию казахстанского кинематографа.

Ключевые слова: казахское кино, трансформация героев, семейные ценности, социальные проблемы, развитие личности, национальные традиции, культурные новшества.

Для цитирования: Омаров, Адилет и Мукушева Назира. «Новаторство в современном казахском кино: трансформация образа героя». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, №1, 2025, с. 35–53, DOI: 10.47940/cajas.v10i1.965

Благодарности: Авторы выражает благодарность редакции «Central Asian Journal of Art Studies» за помощь в подготовке статьи к публикации, а также анонимным рецензентам за внимание и интерес к исследованию.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляет об отсутствии конфликта интересов.

Omarov Adilet

Kazakh National University of Arts named after Kulash Baiseitova
(Astana, Kazakhstan)

Mukusheva Nazira

Kazakh National University of Arts named after Kulash Baiseitova
(Astana, Kazakhstan)

INNOVATION IN MODERN KAZAKH CINEMA: TRANSFORMATION OF CHARACTER PORTRAYALS

Abstract. Kazakh cinema art of recent years is undergoing significant transformations, reflecting current social, cultural and emotional realities, which manifests itself in a deeper and multilayered depiction of national culture and social problems. That's why, each new movie becomes an important tool in conveying the changes in society, as well as in the context of cultural values and relevant topics. This, in turn, has an impact on the evolution of the characters' portrayal, which is the subject of given research. The paper is aimed at analyzing the transformation of the character portrayal in contemporary Kazakhstani cinema with a focus on the social and cultural aspects of these changes. The methods like content analysis, comparative analysis, symbolic interpretation and textual analysis were used to achieve the above-mentioned goal. These approaches allowed for comprehensive research of changes in the character and social role of the character in the context of modern Kazakhstani movies. The method of textual analysis was used to identify significant changes in the personal attributes of the characters, as well as to analyze their relationship to the socio-cultural trends of that period. Visual semiotics was used to analyze the symbolic component of the movies and its relationship with their content basis. The historical and cultural method made it possible to identify the peculiarities of Kazakh cinema in the context of global cinematographic trends. Such movies as «Zhambyl. New Era», «Nabat» operation», «Bauyryna Salu», «Brothers», «Fire» and «Ray of Hope», which demonstrate the diversity of approaches to the portrayal of characters and their changes. During the analysis it was found that the inner world of characters, their personal and psychological characteristics are directly related to the social and cultural processes taking place in society. Characters of modern Kazakh cinema serve as a reflection of social realities, the level of interaction between the individual and society, as well as the contradictions between traditional values and modern ideals. The obtained findings emphasize the key aspects of the transformation of character portrayal in the context of changes in Kazakh society. Its practical significance lies in the potential development of new creative concepts and the portrayal of characters, which can contribute to the further development of Kazakh cinematography.

Keywords: Kazakh cinema, transformation of characters, family values, social problems, personality development, national traditions, cultural innovations.

Cite: Adilet, Omarov, and Nazira Mukusheva. "Innovation in modern kazakh cinema: transformation of character portrayals". *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 1, 2025, pp. 35–53, DOI: 10.47940/cajas.v10i1.965

Acknowledgments: The authors would like to thank the editors of the Central Asian Journal of Art Studies for their help in preparing the article for publication, as well as the anonymous reviewers for their attention and interest in the study.

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare that there is no conflict of interest.

Авторлар туралы мәлімет:

Омаров Әділет Қалиханұлы — өнертану ғылымдарының магистрі, Құләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің 1-курс докторанты (Астана, Қазақстан)

Мұқышева Нәзира Рахманқызы — өнертану кандидаты, Құләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Өнертану» кафедрасының профессоры (Астана, Қазақстан)

Сведения об авторах:

Омаров Адилет Қалиханович — магистр искусствоведческих наук, докторант 1-го курса Казахского национального университета искусств имени Күләш Байсейітовой (Астана, Казахстан)

ORCID ID: 0009-0005-6085-8660
E-mail: adilet-0692@mail.ru

Мукушева Назира Рахмановна — кандидат искусствоведения, профессор кафедры «Искусствоведение» Казахского национального университета искусств имени Күләш Байсейітовой (Астана, Казахстан)

ORCID ID: 0000-0002-8198-283X
E-mail: nmukusheva988@gmail.com

Information about the authors:

Omarov Adilet — Master of Arts, 1st year doctoral student at the Kulash Baiseitova Kazakh National University of Arts (Astana, Kazakhstan)

Mukusheva Nazira — Candidate of Art History, Professor of the Department of Art History Kulash Baiseitova Kazakh National University of Arts (Astana, Kazakhstan)